| 11.13.Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. | 11.13. Протокол общего собрания акционеров должен быть составлен и подписан в течении 3 (трех) рабочих дней после закрытия собрания. |
| 11.14.Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Заңда көзделген мәліметтер көрсетіледі. | 11.14. В протоколе общего собрания акционеров указываются сведения, предусмотренные Законом. |
| **12. Директорлар кеңесі** | **12. Совет директоров** |
| 12.1. Директорлар кеңесі Заңда және/немесе Қоғамның Жарғысында акционерлердің/жалғыз акционердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. | 12.1 Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью Общества, за исключением решения вопросов, отнесенных Законом и/или Уставом Общества к исключительной компетенции общего собрания акционеров/единственного акционера. |
| 12.2. Егер Заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады: | 12.2 Если иное не установлено Законом к исключительной компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы: |
| 1) ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму | 1) определение приоритетных направлений деятельности Общества и стратегии развития Общества или утверждение плана развития |

| | |
|---|---|
| стратегиясын айқындау немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту; | Общества в случаях, предусмотренных законодательными актами РК; |
| 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау; | 2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общего собраний акционеров; |
| 3) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау; | 3) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных Законом; |
| 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау; | 4) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумагах и цене их выкупа; |
| 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту; | 5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества; |
| 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту; | 6) утверждение положений о Комитетах Совета директоров; |
| 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау; | 7) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске; |
| 8) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; | 8) определение количественного состава, срока полномочий исполнительного органа, избрание его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий; |
| 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау; | 9) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования руководителя и членов исполнительного органа; |
| 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау; | 10) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определения порядка работы службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы внутреннего аудита; |
| 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау; | 11) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера и условий оплаты труда и премирования корпоративного секретаря; |
| 12) комплаенс - бақылау қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылау қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау; | 12) назначение, определение срока полномочий руководителя и членов службы комплаенс-контроля, досрочное прекращение их полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения работников службы комплаенс-контроля; |
| 13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау; | 13) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества либо являющегося предметом крупной сделки; |
| 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы | 14) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества (за исключением документов, принимаемых исполнительным органом в целях организации деятельности Общества), в том числе |

| | |
|---|---|
| қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту; | внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества; |
| 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту; | 15) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств Общества и утверждения положений о них; |
| 16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау; | 16) принятие решения о приобретении (отчуждении) Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц; |
| 17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау; | 17) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу; |
| 18) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту; | 18) увеличение обязательств Общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала; |
| 19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау; | 19) определение информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну; |
| 20) ірі мәмілелерді және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау, оларды жасасу туралы шешімді Жарғының 11-тараудың 11.3-т. 21-тармақшасы және 12-тараудың 12.17-тармақтарына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда. | 20) принятие решений о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров Общества в соответствии с пп.21 п.11.3. главы 11 Устава и п.12.17. главы 12; |
| 21) Заңда және/немесе Қоғамның Жарғысында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады. | 21) иные вопросы, предусмотренные Законом и/или Уставом Общества, не относящиеся к исключительной компетенции общего собрания акционеров. |
| 12.3 Бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде Қоғам жүзеге асыратын қызметтің ерекшеліктерін назарға ала отырып, Директорлар кеңесінің құзыретіне ҚР заңнамасында белгіленген өзге де мәселелер жатады. | 12.3 Принимая во внимание особенности осуществляемой Обществом на основании лицензии деятельности на рынке ценных бумаг, к компетенции Совета директоров относятся и иные вопросы, установленные законодательством РК. |
| 12.4 Тізбесі 12.2-тармақта белгіленген мәселелер, сондай-ақ Жарғының 12.3-тармағында айтылған мәселелер атқарушы органға шешу үшін берілмейді. | 12.4 Вопросы, перечень которых установлен пунктом 12.2., а также вопросы, оговоренные в пункте 12.3. Устава, не могут быть переданы для решения исполнительному органу. |
| 12.5 Директорлар кеңесі: | 12.5 Совет директоров должен: |
| 1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін құқыққа сыйымсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға; | 1) отслеживать и по возможности устранять потенциальные конфликты интересов на уровне должностных лиц и акционеров, в том числе неправомерное использование собственности Общества и злоупотребление при совершении сделок, в которых имеется заинтересованность; |
| 2)Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті. | 2) осуществлять контроль за эффективностью практики корпоративного управления в Обществе. |
| 12.6 Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға ғана бола алады. | 12.6 Членом Совета директоров может быть только физическое лицо. |
| Директорлар кеңесінің мүшелері: | Члены Совета директоров избираются из числа: |
| 1) акционерлер-жеке тұлғалар; | 1) акционеров-физических лиц; |
| 2)Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдары; | 2) лиц, предложенных (рекомендованных) к избранию в Совет директоров в качестве представителей акционеров; |

| | |
|---|---|
| 3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалары арасынан сайланады. | 3) физических лиц, не являющихся акционером Общества и не предложенных (не рекомендованных) к избранию в Совет директоров в качестве представителя акционера. |
| 12.7 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды акционерлер Заңның ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. | 12.7 Выборы членов Совета директоров осуществляются акционерами в соответствии с положениями Закона. |
| 12.8 Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. | 12.8 Число членов Совета директоров должно составлять не менее трех человек. Не менее тридцати процентов от состава Совета директоров Общества должны быть независимыми директорами. |
| 12.9 Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар "Бағалы қағаздар нарығы туралы" ҚР Заңымен басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.<br>Акционерлердің жалпы жиналысы/жалғыз акционер бекіткен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін. | 12.9 Лица, избираемые в состав Совета директоров Общества, должны соответствовать требованиям, предъявляемым Законом РК «О рынке ценных бумаг» к руководящим работникам.<br>Внутренними нормативными документами Общества, утвержденными общим собранием акционеров/единственным акционером, могут быть установлены дополнительные требования, к лицам, избираемым в состав Совета директоров Общества. |
| 12.10 Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын не ашық дауыс беру арқылы оның мүшелерінен сайланады.<br>Директорлар Кеңесі Төрағасының функциялары ҚР қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның өзге ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады. | 12.10 Председатель Совета директоров избирается из его членов большинством голосов от общего числа членов Совета директоров тайным либо открытым голосованием.<br>Функции Председателя Совета директоров определяются действующимзаконодательством РК и иными внутренними нормативными документами Общества. |
| 12.11 Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру Заңда және Қоғамның директорлар Кеңесі туралы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. | 12.11 Созыв заседания Совета директоров осуществляется в порядке, предусмотренном Законом и Положением о Совете директоров Общества. |
| 12.12 Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады, Директорлар кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша бұл мерзім 1 (бір) күнге дейін қысқартылуы мүмкін. | 12.12 Материалы по вопросам повестки дня представляются членам Совета директоров не позднее чем за 5 (пять) рабочих дней до даты проведения заседания, по поручению Председателя Совета директоров данный срок может быть сокращен до 1 (одного) дня. |
| 12.13 Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы отырысқа қатысқан жағдайда күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. | 12.13 Совет директоров вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня при условии участия в заседании не менее половины от числа членов Совета директоров. |
| 12.14 Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.<br>Егер заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері, жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасасу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауды қоспағанда, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.<br>Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады. | 12.14 Каждый член Совета директоров имеет один голос.<br>Если иное не предусмотрено Законом, решения Совета директоров принимаются простым большинством голосов членов Совета директоров, присутствующих на заседании, за исключением принятия решений по вопросам заключения сделок, в совершении которых Обществом имеется заинтересованность.<br>При равенстве голосов голос Председателя Совета директоров или лица, председательствующего на заседании Совета директоров, является решающим. |

| | |
|---|---|
| 12.15 Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешім Жарғының 12.16 – 12.17-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны жасасуға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. | 12.15 Решение о заключении Обществом сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, принимается простым большинством голосов членов Совета директоров, не заинтересованных в ее совершении, за исключением случаев, предусмотренных пунктами 12.16 – 12.17 Устава. |
| 12.16 Егер Қоғамның ірі мәміле болып табылмайтын мәмілені жасауына Директорлар кеңесінің бір ғана мүшесі мүдделі болмаса, ол осы мәселе бойынша дауыс беруге құқылы және Директорлар кеңесінің бір ғана мүшесінің дауысына негізделген Директорлар кеңесінің шешімі жарамды болып табылады. | 12.16 В случае, если не заинтересованным в совершении Обществом сделки, не являющейся крупной сделкой, является только один член Совета директоров, он вправе проголосовать по данному вопросу и решение Совета директоров, основанное на голосе только одного члена Совета директоров, является действительным. |
| 12.17 Егер бір мезгілде ірі мәміле болып табылатын мәмілені Қоғамның жасасуына Директорлар кеңесінің бір ғана мүшесі мүдделі болмаған жағдайда, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда, Қоғамның осындай мәмілелерді жасасуы туралы шешімді Заңда көзделген тәртіппен дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. | 12.17 В случае, если не заинтересованным в совершении Обществом сделки, одновременно являющейся крупной сделкой, является только один член Совета директоров, а также в случае, если все члены Совета директоров Общества являются заинтересованными лицами, решение о заключении Обществом таких сделок принимается общим собранием акционеров в порядке, предусмотренном Законом, простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании. |
| 12.18 Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережемен белгіленеді. | 12.18 Совет директоров вправе принимать решения посредством заочного голосования по вопросам, вынесенным на рассмотрение Совета директоров. Порядок принятия решений посредством заочного голосования устанавливается Положением о Совете директоров Общества. |
| 12.19 Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде жасалуға және отырысқа төрағалық еткен адам мен Қоғамның корпоративтік хатшысы қол қоюға, сондай-ақ Заңда көзделген мәліметтерді қамтуға тиіс. | 12.19 Решения Совета директоров, которые были приняты на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который должен быть составлен в течение 3 (трех) дней со дня проведения заседания и подписан лицом, председательствовавшим на заседании, и корпоративным секретарем Общества, а также содержать сведения, предусмотренные Законом. |
| 12.20 Директорлар Кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі, онда Қоғам қызметінің негізгі мәселелері бойынша мәселелер қаралады және шешімдер қабылданады. Қатысу нысаны отырыстарға бірлесіп қатысу арқылы, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, телефон арқылы конференц-байланыс немесе өзге де байланыс құралы арқылы іске асырылады. Директорлар Кеңесінің кез келген мүшелері Директорлар кеңесінің бетпе-бет өткізілетін отырысына телефон арқылы конференц-байланыс арқылы немесе отырыстың барлық қатысушыларына бір-бірімен естуге және сөйлесуге мүмкіндік беретін басқа байланыс құралы арқылы қатыса алады. Осылайша қатысатын адам отырысқа жеке өзі қатысқан болып есептеледі және Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумды айқындау кезінде есепке алуға құқығы бар. Директорлар кеңесі мүшесінің қатысу | 12.20 Заседания Совета директоров, проводятся не менее одного раза в квартал, на которых рассматриваются вопросы и принимаются решения по ключевым вопросам деятельности Общества. Очная форма реализуется через совместное присутствие на заседаниях, а также через видеоконференц-связь, конференц-связь по телефону либо иное средство связи. Любые члены Совета директоров могут участвовать в заседании Совета директоров, проводимом в очной форме, посредством конференц-связи по телефону или другому средству связи, которое позволяет всем участникам заседания слышать и говорить друг с другом. Лицо, участвующее таким образом, считается присутствующим на заседании лично и, в соответствии с Уставом, имеет право на голосование и учет при определении кворума. В случае невозможности участия члена Совета директоров в очном |

| | |
|---|---|
| мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір ұсына алады. | заседании, он может представить письменное мнение по вопросам повестки дня. |
| **13. Директорлар кеңесінің комитеттері** | **13. Комитеты Совета директоров** |
| 13.1. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. | 13.1. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в Обществе создаются комитеты Совета директоров. |
| 13.2. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:<br>1) стратегиялық жоспарлау;<br>2) кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер;<br>3) ішкі аудит;<br>4) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер. | 13.2. Комитеты Совета директоров рассматривают следующие вопросы:<br>1) стратегического планирования;<br>2) кадров, вознаграждений и социальных вопросов;<br>3) внутреннего аудита;<br>4) иные вопросы, предусмотренные внутренними документами Общества. |
| 13.3. Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, 13.2-тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін. | 13.3. Рассмотрение вопросов, перечисленных в п.13.2., может быть отнесено к компетенции одного или нескольких комитетов совета директоров, за исключением вопросов внутреннего аудита, рассматриваемых отдельным комитетом Совета директоров. |
| 13.4. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. | 13.4. Комитеты Совета директоров состоят из членов Совета директоров и экспертов, обладающих необходимыми профессиональными знаниями для работы в конкретном комитете. |
| 13.5. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 13.2 - тармақтың 1-3-тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. | 13.5. Комитет Совета директоров возглавляет член Совета директоров. Руководителями (председателями) комитетов Совета директоров, в функции которых входит рассмотрение вопросов, предусмотренных в подпунктах 1 - 3 п.13.2., являются независимые директора. |
| 13.6. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. | 13.6. Руководитель исполнительного органа не может быть председателем комитета Совета директоров. |
| 13.7. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұруға тиіс. | 13.7. Комитет по вопросам внутреннего аудита должен состоять исключительно из членов Совета директоров. |
| 13.8. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді. | 13.8. Порядок формирования и работы комитетов Совета директоров, их количество, а также количественный состав устанавливаются внутренним документом Общества, утверждаемым Советом директоров. |
| **14. Қоғам басқармасы** | **14. Правление Общества** |
| 14.1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган – Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. | 14.1. Руководство текущей деятельностью осуществляется исполнительным органом – Правлением Общества. |
| 14.2. Басқарма Қоғам қызметінің Заңда, ҚР өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.<br>Басқарма акционерлердің/жалғыз акционердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. | 14.2. Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не отнесенным Законом, иными законодательными актами РК и Уставом Общества к компетенции других органов и должностных лиц Общества.<br>Правление обязано исполнять решения общего собрания акционеров/единственного акционера и Совета директоров. |
| 14.3. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.<br>Қоғам Басқармасының құрамына сайланатын тұлғалар "Бағалы қағаздар нарығы туралы" ҚР Заңымен басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс. | 14.3. Членами Правления могут быть акционеры и работники Общества, не являющиеся его акционерами.<br>Лица, избираемые в состав Правления Общества, должны соответствовать требованиям, предъявляемым Законом РК «О рынке ценных бумаг» к руководящим работникам. |

| | |
|---|---|
| 14.4. Басқарма Мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.<br>14.5. Басқарма Төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.<br>Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, ҚР өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ аталған адамның қоғаммен жасасқан еңбек шартымен айқындалады.<br>Қоғам Басқармасының мүшелері өз қызметінде ҚР заңнамасының, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын, оның ішінде Қоғам Басқармасы туралы Ереженің нормаларын, тиісті лауазымдық нұсқаулықтарды сақтауға және орындауға міндетті.<br>14.6. Басқарма Төрағасы:<br>1) акционерлердің/ жалғыз акционердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;<br>2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;<br>3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;<br>4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, басқарманың, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының құрамына кіретін қызметкерлерді, сондай-ақ қоғамның комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне;<br>5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;<br>6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;<br>7) ҚР заңнамасында, Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында және акционерлердің/жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің жалпы жиналысының шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.<br>14.7. Басқарма Төрағасы болмаған уақытта (іссапар, демалыс, науқастануы бойынша және т.б.) Басқарма Төрағасының міндеттері Басқарма мүшелерінің біріне тиісті бұйрықпен жүктеледі, ол бұйрықта көрсетілген уақытта Басқарма төрағасының міндетін атқарушы болып табылады.<br>Басқарма төрағасының міндетін атқарушы өзіне жүктелген міндеттердің тиісінше орындалуы үшін тиісті жауаптылықта болады. | 14.4. Член Правления вправе работать в других организациях только с согласия Совета директоров.<br>14.5. Председатель Правления, не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа, либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа другого юридического лица.<br>Функции, права и обязанности члена Правления определяются Законом, иными законодательными актами РК, Уставом Общества, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Обществом.<br>Члены Правления Общества в своей деятельности обязаны соблюдать и исполнять требования законодательства РК, внутренних документов Общества, в том числе нормы Положения о Правлении Общества, соответствующих должностных инструкций.<br>14.6. Председатель Правления:<br>1) организует выполнение решений общего собрания акционеров/ единственного акционера и Совета директоров;<br>2) без доверенности действует от имени Общества в отношениях с третьими лицами;<br>3) выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами;<br>4) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Общества (за исключением случаев, установленных Законом), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Общества и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Общества, определяет размеры премий работников Общества, за исключением работников, входящих в состав Правления, службы внутреннего аудита, корпоративного секретаря, а также работников службы комплаенс-контроля Общества;<br>5) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из членов Правления;<br>6) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между членами Правления;<br>7) осуществляет иные функции, определенные законодательством РК, Уставом, внутренними документами Общества и решениями общего собрания акционеров/единственного акционера и Совета директоров.<br>14.7. Во время отсутствия Председателя Правления (командировка, отпуск, по болезни и др.) обязанности Председателя Правления возлагаются на одного из членов Правления соответствующим приказом, который в указанное время в приказе является исполняющим обязанности Председателя Правления.<br>Исполняющий обязанности Председателя Правления несет соответствующую ответственность за надлежащее исполнение возложенных на него обязанностей. |

| | |
|---|---|
| 14.8. Шешімдер қабылдау тәртібін қоса алғанда, басқарма отырыстарын өткізуге дайындық тәртібі, сондай-ақ шақыру, өткізу тәртібі Қоғам Басқармасы туралы ережеде айқындалады.<br>14.9. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай Басқарма Төрағасының, ал ол болмаған жағдайда басқарманың оның міндетін атқаратын мүшесінің төрағалық етуімен шақырылады және өткізіледі.<br>Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Басқарманың басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.<br>Қоғам Басқармасының отырыстарындағы кворум Қоғам Басқармасы мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігін құрайды.<br>Қоғам Басқармасының отырысында дауыстар тең болған кезде Басқарма Төрағасының немесе оның міндетін атқарушы адамның дауысы шешуші дауыс болып табылады.<br>14.10. Басқарманың шешімдері жазбаша түрде хаттамамен ресімделеді, оған басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.<br>14.11. Басқарма Төрағасы болмаған уақытта Қоғам атынан сенімхаттарды Қоғам Басқармасы Төрағасының Бірінші орынбасары беруге құқылы. | 14.8. Порядок подготовки к проведению, а также порядок созыва, проведения заседаний Правления, включая порядок принятия решений, определяется Положением о Правлении Общества.<br>14.9. Заседания Правления созываются и проводятся по мере необходимости под председательством Председателя Правления, а в случае его отсутствия членом Правления, исполняющим его обязанности.<br>Передача права голоса членом Правления иному лицу, в том числе другому члену Правления, не допускается.<br>Кворум на заседаниях Правления Общества составляет простое большинство от общего числа членов Правления Общества.<br>При равенстве голосов на заседании Правления Общества решающим голосом является голос Председателя Правления или лица, исполняющего его обязанности.<br>14.10. Решения Правления оформляются в письменном виде протоколом, который должен быть подписан всеми присутствующими на заседании членами Правления и содержать вопросы, поставленные на голосование, итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Правления по каждому вопросу.<br>14.11. Во время отсутствия Председателя Правления доверенности от имени Общества вправе выдавать Первый заместитель Председателя Правления Общества. |
| **15. Ішкі аудит қызметі**<br>15.1. Қоғамда қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.<br>15.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.<br>15.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.<br>15.4. Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері, сайлау тәртібі және қызметінің басқа да мәселелері Директорлар Кеңесі бекіткен тиісті ішкі құжатпен айқындалады. | **15. Служба внутреннего аудита**<br>15.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью в Обществе образуется служба внутреннего аудита.<br>15.2. Работники службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав Совета директоров и Правления Общества.<br>15.3. Служба внутреннего аудита непосредственно подчиняется Совету директоров и отчитывается перед ним о своей работе.<br>15.4. Полномочия, порядок избрания и другие вопросы деятельности службы внутреннего аудита определяются соответствующим внутренним документом, утвержденным Советом директоров. |
| **16. Қоғамның үлестес тұлғалары**<br>16.1. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.<br>16.2. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.<br>16.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар қосылма туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді Қоғамға ұсынуға міндетті: | **16. Аффилированные лица Общества**<br>16.1. Сведения об аффилированных лицах Общества не являются информацией, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.<br>16.2. Общество обязано вести учет своих аффилированных лиц на основании сведений, представляемых этими лицами или центральным депозитарием (только в отношении лиц, являющихся крупными акционерами в порядке, установленном уполномоченным органом).<br>16.3. Физические и юридические лица, являющиеся аффилированными лицами Общества, обязаны представлять Обществу в течении 7 (семи) дней со дня возникновения аффилированности сведения о своих аффилированных лицах, включающие: |

| | |
|---|---|
| 1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды тұлғалар үшін – толық атауы;<br><br>2) жеке тұлғалар үшін-туған күні және жеке сәйкестендіру нөмірі;<br><br>3) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, бизнес – сәйкестендіру нөмірі не тіркелген елдегі оның аналогы, пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері;<br><br>4) үлестестікті тану үшін негіздеме;<br>5) аффилиирленудің пайда болған күні;<br>6) резиденттік.<br>16.4. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ұсынуға міндетті.<br>16.5. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары үлестес тұлғаларының құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты аффилиирлену туындаған/аффилиирлену тоқтатылған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Корпоративтік хатшыға ұсынады. | 1) фамилию, имя, отчество (при наличии) – для физических лиц, полное наименование – для юридических лиц;<br>2) дату рождения и индивидуальный идентификационный номер – для физических лиц;<br>3) дату и номер государственной регистрации юридического лица, бизнес-идентификационный номер либо его аналог в стране регистрации, почтовый адрес и фактическое местонахождение – для юридических лиц;<br>4) основание для признания аффилированности;<br>5) дату появления аффилиированности;<br>6) резидентство.<br>16.4. Общество обязано представлять список своих аффилиированных лиц уполномоченному органу в установленном им требованиями действующего законодательства РК порядке.<br>16.5. Акционеры и должностные лица Общества представляют информацию об изменениях в составе своих аффилиированных лиц Корпоративному секретарю в течении 7 (семи) дней со дня возникновения аффилированности/ прекращения аффилированности. |
| **17. Қоғамның ақпаратты ашуы**<br>17.1. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты "Бағалы қағаздар нарығы туралы" ҚР Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашуды жүзеге асыруға міндетті.<br>17.2. Жарғыға және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс не акционерлердің және/немесе инвесторлардың және/немесе кредиторлардың назарына жеткізілуге тиіс ақпарат жарияланады:<br><br>1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілі бір бұқаралық ақпарат құралы тікелей көзделген жағдайда-осы бұқаралық ақпарат құралында;<br>2) қалған жағдайларда - Қоғамның www.fhs.kz интернет-ресурсында орналастырылады және / немесе www.kase.kz интернет-ресурста және / немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.<br>17.3. Қоғам мүдделі тұлғаның талап етуі бойынша оған Қоғамның Жарғысымен, оған кейіннен енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, танысуға мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам акционердің өзіне Қоғам Жарғысының көшірмелерін беру туралы талабын 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындауға міндетті. Қоғам акционерден Жарғының көшірмесін бергені үшін төлемақы алуға құқылы, ол көшірме дайындауға, сондай – ақ оны жеткізу қажет болған кезде оны жеткізуге жұмсалған шығыстардан аспауға тиіс.<br>Егер Жарғының 17.4-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны | **17. Раскрытие информации Обществом**<br>17.1. Общество обязано осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи информации в порядке, установленном Законом РК «О рынке ценных бумаг» и нормативным правовым актом уполномоченного органа.<br><br>17.2. Информация, которая в соответствии с Уставом и/или законодательством РК подлежит обязательному опубликованию в средствах массовой информации либо должна быть доведена до сведения акционеров и/или инвесторов и/или кредиторов, публикуется:<br>1) в случае, если законодательством РК прямо предусмотрено определенное средство массовой информации – в данном средстве массовой информации;<br>2) в остальных случаях – на интернет-ресурсе Общества www.fhs.kz и/или на интернет-ресурсе www.kase.kz и/или на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности.<br><br>17.3. По требованию заинтересованного лица Общество обязано предоставить ему возможность ознакомиться с Уставом Общества, включая последующие изменения и дополнения к нему. В течение 3 (трех) рабочих дней Общество обязано исполнить требование акционера о предоставлении ему копий Устава Общества. Общество вправе взимать за предоставление копии Устава с акционера плату, которая не должна превышать расходы на изготовление копии, а также при необходимости ее доставки – расходы на ее доставку.<br>Если для предоставления документов, содержащих служебную, коммерческую или иную охраняемую |

| | |
|---|---|
| қамтитын құжаттарды ұсыну үшін үшінші тұлғаның алдын ала жазбаша не ауызша келісімін алу қажет болса, мұндай құжат осындай келісімді алғаннан кейін ғана ұсынылуы мүмкін. | законом тайну, за исключением документов, указанных в пункте 17.4 Устава необходимо получение предварительного письменного либо устного согласия третьего лица, такой документ может быть предоставлен только после получения такого согласия. |
| 17.4. Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар танысу үшін акционерге оның талап етуі бойынша берілуге тиіс. | 17.4. Документы, регламентирующие отдельные вопросы выпуска, размещения, обращения и конвертирования ценных бумаг Общества, содержащие информацию, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну, должны быть представлены для ознакомления акционеру по его требованию. |
| **18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**<br>18.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.<br>18.2. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес кредиторлармен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайтын акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады.<br>Қоғамды мәжбүрлеп таратуды ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады. | **18. Условия реорганизации и ликвидации Общества**<br>18.1. Реорганизация Общества осуществляется в соответствии с Гражданским кодексом РК с учетом особенностей, установленных законодательными актами РК.<br>18.2. Решение о добровольной ликвидации Общества принимается Общим собранием акционеров, которое определяет ликвидационную процедуру по соглашению с кредиторами и под их контролем в соответствии с законодательными актами РК.<br>Принудительная ликвидация Общества осуществляется судом в случаях, предусмотренных законодательными актами РК. |
| **19. Қорытынды ережелер**<br>19.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық жағдайларда Қоғам ҚР нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. | **19. Заключительные положения**<br>19.1. Во всем, что не урегулировано настоящим Уставом, Общество руководствуется нормативными правовыми актами РК и внутренними нормативными документами Общества. |
| 19.2. Егер ҚР заңнамасындағы өзгерістер немесе Қоғам қызметіндегі өзгерістер нәтижесінде осы Жарғының жекелеген нормалары ҚР заңнамасына қайшы келетін болса, онда олар Жарғыға/жаңа редакцияға өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген кезге дейін, ал өзгерістер және (немесе) толықтыруларды тіркеу талап етілмейтін жағдайда – оларды бекіту туралы шешім қабылданған кезге дейін күшін жояды, ҚР заңнамасының тиісті нормалары қолданылады.<br>Бұл ретте Жарғының жекелеген нормаларының күшін жоғалту Жарғының тұтастай жоғалуына не жарамсыздығына әкеп соқпайды. | 19.2. Если в результате изменений в законодательстве РК или изменений в деятельности Общества отдельные нормы настоящего Устава будут противоречить законодательству РК, то они утрачивают силу и до момента регистрации изменений и (или) дополнений в Устав/в новой редакции, а в случае если, регистрация изменений и (или) дополнений не требуется – до момента принятия решения об их утверждении, применяются соответствующие нормы законодательства РК.<br>При этом утрата силы отдельных норм Устава не влечет за собой утраты либо недействительности Устава в целом. |
| 19.3. Осы Жарғы ол заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. | 19.3. Настоящий Устав вступает в силу со дня его государственной регистрации в установленном законодательством порядке. |
| **«First Heartland Securities» АҚ Басқарма Төрағасы:**<br>Пан Евгений Владимирович | **Председатель Правления АО «First Heartland Securities»:**<br>Пан Евгений Владимирович |



СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

Республика Казахстан, город Алматы,
восемнадцатое марта две тысячи двадцать первого года.

Я, Какимжанова Салтанат Апсаламовна, частный нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии №16000753 от 20 января 2016 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления **Акционерного общества «First Heartland Securities»,** БИН 080340017099, гражданина **Пан Евгения Владимировича**, 10.08.1978 года рождения, место рождения Россия, Волгоградская, ИИН 780810303336, проживающего по адресу: город Алматы, микрорайон Архат, квартал Д, дом 7А,которые сделаны в моем присутствии. Личность представителей установлена, дееспособность их и полномочия, а также правоспособность АО «First Heartland Securities» проверены.

Зарегистрировано в реестре за №695
Взыскано: государственная пошлина 292 тенге + услуги правового и технического характера 2917 тенге.

Нотариус

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
НӨМІРЛЕНГЕНІ, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӨР БАСЫЛҒАНЫ БАРЛЫҒЫ ____ ПАРАК
2021 ж. «30» наурыз

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ НА ____ ЛИСТАХ
«30» марта 2021 г.

Пронумеровано и прошнуровано 22 (двадцать два) страниц
Нотариус ____

СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ